

MPHTI 05.11.65

JEL Classification: J11, B23, C38

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-3-6-17>

ҚАЗАҚСТАН Өңірлеріндегі Әлеуметтік-Экономикалық және Демографиялық Факторлардың Өзара Ықпалынан Қалыптасқан Үрдістер

Р. Рахметова¹, С. Калиева¹, К. Абенова^{2*}

¹Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің
«Экономика институты», Алматы, Қазақстан Республикасы

²Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Қазақстан өңірлерінің тәуелсіздік жылдарындағы қалыптасқан демографиялық даму жағдайына әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерін салыстырмалы зерттеу.

Әдіснамасы. Әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлардың көпжылдық ресми мәліметтері негізінде өзара әсерін зерттеуге корреляциялық талдау әдісі және Қазақстан өңірлерін демографиялық потенциалына қарай топтастыру үшін көпөлшемді статистика-математикалық әдістің кластерлік талдау әдісі қолданылды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Қазақстан мысалында әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлардың өзара әсерінің корреляциялық байланысы уақыт кезеңдерімен зерттеліп талдау жасалды. Әлемдік деңгейдегі халық санының өсуі оның тұрмыс жағдайының жоғарылауына тәуелді тезісі Қазақстан мысалында ұзақ мерзімде жылдар аралығында зерттеліп демографиялық даму бір ғана экономикалық факторлар емес көп факторлардың жиынтығынан қалыптасатыны анықталды. Елдің демографиялық жағдайын сипаттайтын көпөлшемді факторлар арқылы топтастырылып Қазақстан өңірлерін демографиялық потенциалына сәйкес кластерлеу арқылы зерттелді.

Зерттеу нәтижелері. Әлеуметтік-экономикалық факторлар демографиялық жағдайдың қалыптасуына әсер етеді және белгілі бір жағдайда қалыптасқан демографиялық тенденция өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының тенденциялық өзгеруіне ықпал етеді. Қорыта келгенде әлеуметтік-экономикалық-демографиялық үрдістер өзара екі жақты тығыз тәуелділікте болатыны негізделді.

Түйін сөздер: Демографиялық потенциал, әлеуметтік-экономикалық, фактор, кластер, корреляция.

Алғыс: Осы мақала BR10965247 «Қазақстандағы демографиялық процестердің, көші-қон, урбанизация ерекшеліктері мен динамикасын, факторларын зерттеу, цифрлық карталар мен болжамдарды әзірлеу» атты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын ғылыми жобасының аясында дайындалды.

КІРІСПЕ

Әлем өзінің демографиялық тарихи даму жолында халықтың өсуіне оның әл ауқатының жоғарылауы әсер етеді деген тезисті қолдаған. Дегенмен, елдердің экономикалық даму деңгейінің өзгеруіне қарай осы тезистен бас тартқан демографтар да болды. Ағылшынның белгілі экономист, демографы К. Кларк XX ғасырда елдер бойынша жүргізген зерттеулерінде көп елдердің тұрмысының жақсаруы мен туудың деңгейінде оң байланысы болғанымен, кейбір елдерде кері әсер ету тәуелділігінің орын алғанын айтқан. Мысалы, 1930-1950 жылдары Франция және Ирландия жұмысшылары арасында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жұмысшылардың неғұрлым еңбек ақысының деңгейі және біліктілігі төмен болған сайын, бала санының жоғары болғандығын; ал осыған қарамай қайшы жағдай табыс пен туу көрсеткішінің өзара оң тәуелділігі Швецияда байқалған [1, б. 205-207].

Әлемдік деңгейде демографияның тарихи даму жолына сипаттама беруші ғалымдардың пікірі әртүрлі. Сонымен қатар, қазіргі демография ғылымында кең тараған тууға көп факторлы әсердің сипаты тезісі, бұл факторлардың жиынын әр демограф әртүрлі түсіндіреді [2; 3].

Европада қалыптасқан жағдайда экономикалық даму мен демографиялық көрсеткіштердің қайшылығы 2000 жылдар басында БҰҰ-ның европалық экономикалық комиссиясының қолдауымен 30 ел қатысқан «Отбасы және туу» атты үлкен жоба орындалды. Мұнда туу мен отбасы қағидаларын толық зерттеу жүргізілді, соның ішінде халықтың атаулы табысына тоқталған. Тууға әсер ететін экономикалық детерминанттардың арасында халықтың ақшалай табысының әсеріне қарама-қайшылық көз-қарастар ерекше орын алды. Бір жағынан, микродеңгейде, отбасы табысының өсуімен, бала пайда болған кезде жан басына шаққандағы кірістің азаюы соншалықты ауыр болмайды. Демек, макродеңгейде халық табысының өсуі елде туудың артуына ықпал етуі тиіс [4].

Екінші жағынан, белгілі бір дәрежеде бұл мәселеге күмән келтіретін әлемдік тенденциялар бар. Олар, туудың жоғары деңгейі мен табысы төмен елдерге – Үндістан, Пәкістан, Африка елдеріне тән. Сонымен қатар, Батыс Еуропаның салыстырмалы түрде бай халқы туудың жалпы төмендеуіне дәлел. Ұқсас экономикалық және әлеуметтік жағдайы бар әртүрлі елдерде бұл төмендеу әртүрлі қарқында болды. Керісінше, әртүрлі экономикалық құрылымы мен динамикасы бар, оның ішінде халықтың табысы әртүрлі елдер туудың бірдей төмен деңгейін көрсетеді. Қорытындысында туу жағдайына халықтың табысының оң да теріс те әсері болуы мүмкін.

Қазіргі жаһандану кезеңінде елдердің жалпы әлеуметтік экономикалық дамуы мен демографиялық дамуының арасында кері байланыс көбірек байқалады: неғұрлым мемлекет кедей болған сайын, соғұрлым туу көрсеткіші жоғары, Африканың, Азия мен Латын Америкасының кедей елдерінде туу көрсеткіші жоғары да, ал бай Еуропа және Жапонияда – туу көрсеткіші әлдеқайда төмен [5].

Көптеген демограф ғалымдар демографиялық үрдістерді аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерімен салыстыра зерттеген [6; 7]. Бір елдің өзінде ішкі географиялық орналасуында айырмашылықтарының болатынын нақтылаған. Мысалы В. Джемна, М. Давид зерттеулерінде Румынияның 8 аймағының демографиялық үрдісінің әлеуметтік-экономикалық факторларға сезімталдығының айырмашылығын атап көрсеткен [8].


Осыдан, бұл сұрақ зерттеу объектісіне байланысты ұзақ периодта терең зерттеуді қажет етеді. Адам санының өсуі экономикалық және әлеуметтік факторлар жиынымен қатар ұлттық және географиялық орналасу ерекшеліктеріне де байланысты болатынын ескерген жөн. Қазақстан жағдайында оның өңірлерінің демографиялық көрсеткіштерінде 2-3 еседей айырмашылық бар және жоғары да айтылғандай ресми мәліметтерде туу деңгейінің барлық уақытта халықтың тұрмыс деңгейіне тәуелді бола бермейтіні де байқалады. Осыған орай, демографиялық жағдайдың әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысын өңірлер бойынша зерттеу өзекті мәселе.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Демографиялық даму үрдісінің негізгі факторы туу көрсеткіштері. Жалпы Қазақстанның соңғы 70 жылғы мәліметтерінде 1950-1960 жылдары жалпы туу коэффициенті орташа 37 бірлікте болса, 1961 жылдан төмендеу басталып 1987 жылы 25,8 деңгейге түсті. Әрі қарай қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси құрылымы өзгеріп, соның нәтижесінде елде демографиялық регресс орын алды [9].

Демографиялық дамудың негізгі көрсеткіші туу деңгейі болса, осы негізгі фактордың экономикалық факторлармен байланысына корреляциялық талдау жасайық. Экономикалық факторларға жан басына шаққандағы ЖІӨ, жан басының атаулы табысы мен туылғандар арасындағы тенденцияны сипаттайтын графигін келтірейік (Сурет 1). Экономикалық факторлардың ақшалай өлшеміне байланысты талдауға мәліметтерді 1997 жылдан бастап алынды.

Осы график бойынша туылғандардың санымен экономикалық факторлар жалпы өсу бағытында болғанмен тенденция деңгейінде айырмашылық бар. ЖІӨ барлық жылдарда өсу тенденциясы жоғары болғанымен туу шамасы 1997-2001 жылдары кемуді көрсетеді, 2002-2008 жылдары өсуі жоғары, ал 2009-2014 жылдары баяу өсуді байқаймыз және 2015-2020 жылдары кему орын алған, жалпы осы 1997-2020 жылдарда тенденциялық өзгерістер болғаны байқалады.



Сурет 1 – Экономика-демографиялық факторлардың динамикасы, 1997-2020 жылдар
Ескерту – [9] негізінде авторлардың орындауы

Сондықтан осы аралықтардағы туылғандар санының экономикалық факторлармен корреляциялық байланысын тексеру үшін мынадай факторлар қарастырамыз: жан басына шаққандағы ЖІӨ, мың теңге; жан басына орташа атаулы айлық табыс, мың теңге және табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, % (Кесте 1).

Кесте 1 – Экономика-демографиялық факторлардың корреляциясы

Факторлар	Туылғандар саны, корреляция коэффициенті				
	1997-2020	1997-2001	2002-2008	2009-2014	2015-2020
	r: ±0.41 n=24*	r: ±0.87 n=5*	r: ±0.70 n=7*	r: ±0.81 n=6*	r: ±0.81 n=6*
Жан басына ЖІӨ	0,898	-0,405	0,991	0,962	0,577
Жан басына орташа атаулы айлық табыс	0,897	-0,589	0,989	0,981	0,794
Табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі	-0,965	0,111	-0,937	-0,914	0,758

Ескерту – [9] негізінде авторлардың орындауы.
*– Фишер-Иейтс критеріі шамасы

Осы кестеде корреляциялық коэффициенттің зерттеу нысанының санына байланысты Фишер-Иейтс критеріі бойынша маңыздылық мәні берілген. Мысалы, бірінші бағанада факторлар арасында корреляциялық байланыс болу үшін корреляция коэффициенті нысана саны 24 болғанда осы аралықтың $-0.41 < r < 0.41$ ($r: \pm 0.41, n=24$) сыртында болуы керек. Яғни, туылғандар саны 1997-2020 жылдарда экономикалық факторлармен корреляциялық тығыз байланыста болды. Зерттеу нысанының саны аз болған сайын корреляция коэффициентінің мәні жоғары болады, мысалы $n=5$ болғанда r -дің мәні мына аралықтан ± 0.87 сырт болуы керек [10].

Кесте бойынша жылдар аралығында туу көрсеткіші мен экономикалық факторлар арасында әртүрлі тығыздықта байланыс болғаны анықталды. 1997-2001 жылдарда ЖІӨ деңгейі және атаулы табыс өскенімен (осы аралықтағы өсім теңгенің құнсыздануына байланысты) жұмыссыздық көбейді, айлық жалақы төленбеді, жалпы халықтың тұрмыс деңгейі төмендеді, сондықтанда олардың арасындағы корреляциялық коэффициент бағыты кері байланысты көрсетіп отыр. 2002-2008 жылдарда теңгенің са-

лыстырмалы тұрақталуы экономикалық байланыстың қалыптасуы халықтың тұрмыс деңгейінің өсуі, туу көрсеткішінің өсу тенденциясын қалыптастырды. Атап айтқанда туылғандар саны экономикалық өсімге тығыз тәуелді болды және кедейлік деңгейімен кері байланыс болған. Бұнда демографиялық көрсеткішке экономикалық жетістіктердің әсері жоғары болғанын көрсетеді. Келесі аралық 2009-2014 жылдарда корреляциялық байланыс жоғары болғанымен оның тығыздығының сәл төмендегенін көруге болады. Ал 2014-2020 жылдарда туылғандар санының экономикалық факторларға корреляциялық байланысы зерттеу нысаны $n=6$ болғанда ± 0.81 -ден сырт болуы керек, ал осы графадағы мәндер 0,577; 0,794; 0,758 осы аралықта болғандықтан факторлар арасында корреляциялық байланыс төмен деуге болады. Осыдан туылғандар санына экономикалық факторлар әсер етеді, дегенмен оларға қарағанда басқа факторлардың әсері жоғары екенін айтуға болады.

Оның себебі, жалпы туу саны 1988-2001 жылдарда төмендеуі туылған қыздардың санын кемітті, одан балалы болу мүмкіндігі бар (15-49 жас) әйелдер санының азаюы туылғандар санына әсерін күшейтті. Ал 2015-2019 жылдарда осы факторлар арасындағы корреляциялық байланыстың төмен болуы, демографиялық көрсеткіштердің ұрпақтар арасындағы өзара байланыс әсерін ешқандай экономикалық жетістіктердің өзгерте алмайтындығының дәлелі. Жалпы 1997-2020 жылдардағы периодты коореляциялық коэффициентер шамасы Қазақстанның экономикалық дамуы, халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруы жалпы әсері бар болғанымен, оның әсер ету тығыздығы белгілі бір деңгейге дейін болатынын, содан кейін басқа маңызды факторлардың ығыстыруынан бәсеңдейтіні анықталды.

Елдің өңірлеріндегі демографиялық жағдайдың айырмашылықтарының қатарына қала мен ауыл жағдайында орын алған көптеген өзекті мәселелер жатады. Негізінен оңтүстік және солтүстік аймақтарда туу мен өлім көрсеткіштерінде екі еседей айырмашылық бар. Жалпы Қазақстанның демографиялық даму тенденциясымен әлеуметтік-экономикалық факторлар арасындағы байланысты талдау жасағанда оның өңірлерлерінің айырмашылығын ескеру маңызды.

Енді өңірлер бойынша демографиялық даму жағдайы қаншалықты өңірлердің экономикалық дамуына, халықтың айлық табысына және тұрмыс деңгейіне тәуелділігін анықтау үшін осы жағдайларды сипаттайтын факторлардың арасындағы корреляциялық байланысты тексереміз. Ол үшін мынадай факторлар:

У – жалпы туу коэффициенті;

X1 – айлық орташа жан басына тұтынған табыс тобының үлесі, %, оның ішінде 40,0 мың теңгеден кем;

X2 – 40,0-100,0 мың теңгеге дейін;

X3 – 100,0 мың теңгеден жоғары;

X4 – жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ), мың теңге;

X5 – жан басына орташа атаулы айлық табыс, теңге (Кесте 2).

Мұнда факторлардың мәліметтерін өңірлер бойынша 2018-2020 жылдарға есептегенде, барлық жылдарда байланыс тенденциясының қалыптаспағаны немесе қайшылықты көрсетті (Кесте 2). Сондықтан төменде 2-кестеде 2020 жылдың мәліметімен есептелген 17 өңірдің факторларының корреляциялық кестесі келтірілген.

Кесте 2 – Өңірлердің экономика-демографиялық факторларының корреляциясы, 2020 жыл

Факторлар ($n=17$, $r=0.49$)	У	X1	X2	X3	X4
Айлық орташа жан басына тұтынған табыс тобының үлесі, % 40,0 мың теңгеден кем	0,03	1,0			
40,0-100,0 мың теңгеге дейін (X2)	-0,05	-0,96	1,00		
100,0 мың теңгеден жоғары (X3)	0,04	-0,76	0,55	1,00	
Жан басына ЖӨӨ, (X4)	-0,05	-0,42	0,45	0,22	1,00
Жан басына орташа атаулы айлық табыс, (X5)	-0,04	-0,53	0,54	0,33	0,97
Ескерту – [9] негізінде авторлардың есептеуі					

Әйтседе, өңірлердің нақты экономикалық және демографиялық даму тенденциясын талдау жасау үшін осы өңірлерді демографиялық даму потенциалына қарай топтастырып оның экономикалық даму деңгейімен қаншалықты сәйкестігін анықтау мақсат еттік. Ол үшін елдегі 17 өңірді демографиялық потенциалын негізгі көрсеткіштер бойынша топтастырып (кластерлеу) қарастыруды ұсынамыз. Мұнда келесі екі қағида ұстанылады: біріншіден, ел өңірлерінде қалыптасқан нақты демографиялық ахуал бойынша топтастыру және екіншіден, болашақта елдің демографиялық жағдайына маңызды факторды ескеру [11].

Елдің өңірлерін көпфакторлар мәліметтері арқылы топтастыру үшін статистика-математикалық әдістердің кластерлік талдау әдісін SPSS базасында жүргіземіз [12; 13]. Кластерлік талдау әдісінің маңыздылығы, өңірлерді бірнеше демографиялық көрсеткіштері бойынша әлеуеті ұқсас бір текті кластерлерге бөледі, олар бір-бірінен демографиялық даму деңгейімен ерекшеленеді. Кластерлік талдау базасына өңірлерді демографиялық даму деңгейін салыстыру мүмкін болу үшін коэффициенттер таңдалып алынды. Кластерлік талдау әдісінің шарттарын орындай отырып Қазақстанның алдағы демографиялық дамуына әсері болатын және оның нақты мәндері әлемдік елдермен салыстырғанда өсу немесе кему әлеуетінің бар екендігі ескерілді [14; 15].

Қорытындысында зерттеулер республика бойынша мына көрсеткіштермен жүргізілді: жалпы өлім коэффициенті (JO'K), нәресте өлімі коэффициенті (NO'K), демографиялық жүктеме (DJ), бес балалы болғандар үлесі ($B > 5$), нәтижесінде өңірлер 3 кластерге бөлінді [11, б. 165].

Есептеулер нәтижесінде 17 өңірдің 3 кластерге бөлінуі, олардың жақсы, орта және нашар деңгейдегі өңірлерді анықтау мәселеге қойылған мақсатқа сәйкес болды. Біз үшін қабылданған нольдік гипотезада өңірлердің демографиялық жағдайында айырмашылық жоқ екені қабылданған болатын. Есептің шешімі бойынша дисперсиялық талдау ANOVA таңдау топтарының орта мәндерін салыстыра отырып, нәтижесінде маңыздылық ықтималдығы өте аз екенін көрсетті. Осыдан нольдік гипотеза орындалмай-матыны туындайды, немесе үш кластерге бөлінген өңірлердің демографиялық көрсеткіштерінде айырмашылықтардың бар екенін негіздейді [11, 164-бет; 14].

Бірінші кластерге 7 өңір: Маңғыстау, Атырау, Түркістан, Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Шымкент қ. енген. Бұл өңірлердің барлығында табиғи өсім коэффициенттері өте жоғары, демографиялық ұдайы өсу бағытындағы өңірлер. Екінші кластерге 4 өңір: Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Алматы қ. бұл өңірлерде де табиғи өсім орта шамада, ұдайы өсу баяу қалыптасқан стационарлық бағыттың шартына сәйкес келеді. Үшінші кластерге 6 өңір: Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, СҚО, ШҚО кірді, бұл өңірлерде табиғи өсім интенсивтігі республика деңгейінен төмен, стационарлық бағыттан регрессивтік бағытқа өту жолында. Осы кластерлердегі халық санының үлесін қарастырайық (Кесте 3).

Кесте 3 – Кластерлердегі халық санының үлесі, 01.01.2022 жыл

Кластер	Өңірлер	Халық саны, мың адам	Үлесі, %
1– (7)	Маңғыстау, Атырау, Түркістан, Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Шымкент қ.	8681,6	45,4
2– (4)	Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Алматы қ.	4836,6	25,3
3– (6)	Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан	5604,3	29,3

Ескерту – [9] дереккөзі негізінде авторлардың есептеуі

Осы 3-кесте бойынша кластерлерге талдау жасалғанда бірінші кластердегі өңірлердің барлық демографиялық көрсеткіштері республика деңгейінен жоғары және прогрессивтік даму жолында екенін негізделген. Ал екінші кластердегі өңірлер стационарлық жолда және үшінші кластердегі өңірлер регрессивтік, яғни ұдайы өсуді қамтамасыз ету проблемасы бар өңірлер. Сонда да болса демографиялық ұдайы-өсу жағдайдағы аймақ халқының үлесі 45,4 % құрайды, ал бір қалыпты тұрақты жағдайда 25,3 %, оған қарама-қарсы кему үрдісі сақталған өңірлерде халық үлесі ал кему 29,3 % құрап отыр. Кейінгі жылдардағы елдің халық санының ұдайы өсу үрдісінің бәсеңдеуіне осы 3-кластердегі өңір-

лердің әсері болды. Сондықтан да осы жағдайдың себебі мен салдарын тереңірек зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Келесі талдаулар осы кластерлер бойынша жасалады, себебі әр кластерге енген өңірлердің демографиялық көрсеткіштері шамалас.

Кластерлер бойынша 4-кестеде өңірлердің экономика-демографиялық көрсеткіштеріне талдау жасалынды. Жалпы туу коэффициентінің орта мәнінің кластерлерде орналасуы жоғарыда айтылғандай прогрессивтік, стационарлық және регрессивтік деңгейге сәйкес келетінін негіздейді. Жалпы өңірлердің экономикалық жағдайына тоқталсақ, жалпы өңірлік өнім көлемі (ЖӨӨ) жағынан екінші кластерде үлесі жоғары болуы екі ірі қаланың осы кластерде орналасуынан. Зерттеулер көрсеткендей, ең жоғары үлес Алматы қаласы (19,6 %), Нұр-Сұлтан қаласы (10,8 %). Ал бірінші прогрессивті кластердегі мұнайлы өңірлер Атырау (12,6 %), Маңғыстау (6,2 %) және ал ең төменгі үлес Жамбыл (2,5 %) және Қызылорда (2,7 %) аймақтарында қалыптасып отыр. Ал үшінші кластерде өнеркәсібі дамыған Қарағанды (7,7 %), Шығыс Қазақстан (5,8 %), ең төмен үлесі бар Ақмола (2,8 %) облыстары. Аталған өңірлердегі халықтың жан басына шаққанда 2020 жылы ЖӨӨ екі ірі қалаға байланысты екінші кластерде жоғары, ал өңірлерде ең жоғары Атырау облысында 11 883 мың теңге, республикалық деңгейден 4 есе жоғары, ал ең төмені Түркістан облысында 1 174 мың теңге, 3 есеге жуық кем, бірақ бұл өңірлердің туу коэффициенттері ең жоғары сәйкесінше 27,6 және 30,2 бірлік деңгейде (Кесте 4).

Тұрмыс деңгейін қарастырсақ, жан басына тұтыну табысы бірінші кластерде халқының жартысы (52,6 %) 40 мың теңгеден төмен болса, ал 100 мың теңгеден жоғары табыс тұтынатын халықтың үлесі 2,7 %, республикалық деңгейден 3 еседей кем.

Кесте 4 – Өңірлердің демографиялық потенциалдарына қарай экономикалық орташа көрсеткіштері, 2020 жыл

Факторлар	1 кластер	2 кластер	3 кластер	ҚР
Жалпы туу коэффициенті	28,2	22,1	15,3	22,8
ЖӨӨ үлес салмағы, %	34,7	39,3	26,0	100
Жан басына ЖӨӨ, мың теңге	3609	5317	3541	3767
Айлық орташа жан басына тұтынған табыс тобының үлесі, %				
40,0 мың теңгеден кем	52,6	34,8	36,8	42,7
100,0 мың теңгеден жоғары	2,7	9,2	9,3	7,5
Ескерту – авторлардың есептеуі				

Ал екінші және үшінші кластерлерде отбасында жан басына шаққандағы ай сайын тұтынуға жұмсайтын табысы 40 мың теңгеден төмен болатын өңірлердің үлесі шамалас және республикалық деңгейден төмен. Соның ішінде атап айтқанда, осы көрсеткіштің ең жоғары үлесін көрсеткен өңірлер Түркістан (71,4 %), Жамбыл (62,7 %) Қызылорда (58,6 %), Қостанайда (46,1 %) болып отыр. Ал Қазақстанда 2020 жылы орташа 100 мыңнан жоғары табысты тұтыну мүмкіндігі бар отбасылар үлесі 7,5 %-ды құрап, жоғары үлес (21,1 %) Алматы қаласына, ал Қарағанды (13,4 %), Шығыс Қазақстан облысы (13 %) және Солтүстік Қазақстан (10,9 %) көрсеткіштерін беріп отыр.

Отбасында жан басына шаққанда тұтынған табыстар мен демографиялық көрсеткіштердің арасында қалдыптасқан заңдылықтың жоқ екенін 2-кестеде корреляциялық талдау арқылы анықтағанбыз, осы кластерлік топтардан да байқауға болады. Мысалы, елдің оңтүстік өңірінде балалы болу көрсеткіші басқа өңірлерден жоғары, бір әйелге орташа 4,7 баладан келген, бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі (11,1 %) осы өңірде, 100 мыңнан жоғары табысы бар тұрғындардың ең төменгі үлесі (-0,2 %) осы оңтүстік өңіріне тән болып отыр.

Жоғарыдағы талдау ЖІӨ-ның жалпы құрамында табиғи өндіріс саласының үлесі – табиғи ресурстарды игеру саласына жалпы халықтың үлесі өте аз көлемінің ғана қатысы бары дәлел. Халықтың көпшілігі өзін шағын бизнеспен табыс табу жолымен қамтамасыз етеді де, табыс мөлшері толық жарияланбай ресми статистикалық мәліметтер базасына енбейді. Осының айғағы Түркістан облысының тұрмыс жағдайымен демографиялық көрсеткіштер арасындағы қайшылықтар негіз болады.

Елдегі 1991-2000 жылдардағы экономикалық реформалар ауыл мен қала халқының сандық үлесіне өзгеріс әкелді, атап айтқанда халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуі, ауылдағы жұмыссыздық, қаладан жұмыс орнын іздеуі. Осыдан Қазақстанда ауылдық тұрғындардың санының кемуі сол жердегі орта білім беретін мектептердің санының кемуіне әсер етті (Кесте 5) [9].

Қазақстан ауылдарында жалпы орта білім беретін 2008-2009 оқу жылында 5 975 мектеп болса 2020/2021 оқу жылында 5 262 мектеп қалды, бірақ жалпы оқушы саны кемімеген.

Кесте 5 – Орта білім беру саласының көрсеткіштер динамикасы, 2008-2021 жылдар

Көрсеткіштер	Оқу жылдары					
	2008/ 2009	2017/ 2018	2018/ 2019	2019/ 2020	2020/ 2021	2021 жыл 2009 жыл- мен, %
Мектеп саны	7811	7414	7393	7398	7440	95
қалада	1836	2012	2055	2113	2178	119
ауылда	5975	5402	5338	5285	5262	88
Оқушылар саны, мың бала	2534	3051	3186	3338	3481	137
қалада	1224	1651	1757	1869	1965	161
ауылда	1310	1400	1429	1469	1516	116

Ескерту – [9] негізінде авторлардың есептеуі

Ауылдық мекендердегі тұрғындардың санының кемуі, мектептің толық жұмыс жасауын тиімсіз еттуі, жалпы ауылдық елді мекеннің орта білім беретін мектеппен толық қамтамасыз етілмеуі объективті түрде орын алған. Өңіраралық ауыл-қала миграциясы кең тараған өңірлердің ауылдық мекендерінде мектептің жетіспеушілігі жоғары орын алған, мысалы ең көп жетіспеушілік үшінші кластерде 926 ауылдық мекенде мектеп жоқ. Оның ішінде Солтүстік Қазақстанда 233 және Шығыс Қазақстанда 217 мектептің жетіспеушілігіне әкелген. Осы қалыптасқан үрдіс, ауылда қалған тұрғындар мектептің жетіспеушілігінен қалаға қоныс аударуға мәжбүр болады. Ауылдардағы 11-сынып бітірушілер саны 9-сынып бітірушілердің санынан екі еседей кем, осыдан оқушылардың 9 сыныптан кейін мамандық алып еңбекке араласуды қалайтыны байқалады (Кесте 6).

Кесте 6 – Өңірлердің демографиялық потенциалдарына сәйкес ауылдық жердегі орта білім саласының көрсеткіштері, 2021/2022 оқу жылы

Көрсеткіштер	1 кластер	2 кластер	3 кластер	ҚР
Ауылдар саны	2390	779	3285	6454
Ауылдар санының шекарасы	58-836	344-435	255-1525	-
Орташа тұрғындар саны	2831	364	631	1192
Тұрғындар санының шекарасы	703-21277	447-1430	456-731	-
Мектеп саны	2307	596	2359	5262
Мектеп санының шекарасы	103-801	282-314	273-494	
Орташа 1 мектептегі оқушы саны	505	153	105	288
Орташа 1 мектептегі оқушы санының шекарасы	380-869	150-156	97-156	-
Мектепсіз ауылдар	132	183	926	1241
Ауылдағы 9 сынып бітірушілер	79139	7653	27854	114646
Ауылдағы 11 сынып бітірушілер	37328	4166	12627	54121

Ескерту – [9] негізінде авторлардың есептеуі


Еліміздегі кәсіптік білім беретін мекемелердің үшінде колледждер саны жағынан үлкен үлес алады, олардың елді мекендерді орналасуында да теңсіздік бар, Қазақстандағы 15-19 жастағылардың ауыл мен қаладағы саны шамалас, 2021 жылғы ресми мәлімет бойынша сәкесінше 582,6 және 640,3 мың адам. Ал осы 15-19 жастағылар санын ауыл мен қаладағы колледжде оқитындардың санымен салыстырғанда қалада үлесі орташа 71,6 %, ал ауылда бар-жоғы 9,3 %-ды құрап отыр. Бұдан елді мекендердегі 9 сынып бітіретіндердің басым көпшілігі үлкен қалалардағы колледждерге барады деуге болады (Кесте 7).

Кесте 7 – Кәсіптік білім беру көрсеткіштері (колледж), 2021/2022 оқу жылы

Көрсеткіштер	1 кластер		2 кластер		3 кластер		ҚР	
	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
Колледждер саны	199	81	168	19	212	58	579	158
Білім алушылар саны	152,5	33,2	138	3,3	135	13,5	425,5	49,9
9 сынып бітірушілер саны	60,0	88,4	51,3	7,9	43,2	26,9	154,5	123,2
11 сынып бітірушілер саны	34,5	54,1	30,1	5,2	22,5	15,0	87,2	74,3
15-19 жастағылар саны	236,3	398,6	210,7	40,4	193,2	143,4	640,3	582,6
Үлесі*, %	64,5	8,3	65,5	8,2	69,9	9,4	66,5	8,6

Ескерту – * –15-19 жастағылардың жалпы санынан колледжде оқытындардың үлесі;
** –[9] негізінде авторлардың есептеуі

Осы оқу орнындарының қала мен ауылда орналасуының теңсіздігі қаланың миграциялық тартымдылығын көтереді және қала мен ауылдағы тұрғындардың жас топтарындағы айырмашылықты арттырады. Жалпы Қазақстан бойынша талдау жасағанда жылдан жылға жас топтарындағы айырмашылықтың жоғарылауын байқаймыз. Бұл жағдай барлық жылдарға тән, сондықтан іріктеліп салыстыруға 1999, 2009 және 2021 жылдардың мәліметтері бойынша 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Ауылдық және қалалық жерлер тұғындарының жас топтарының айырмасы, 1999-2021 жылдар
Ескерту – [9] негізінде авторлардың есептеуі

2-суретте 20-34 жас тобындағылардың сандық көрсеткішінде айтарлықтай айырмашылық байқалып тұр. Суретте көрсетілгендей 15-19 жастағылардың айырмашылығы алғашқы онжылдықта 25 мың болса, келесі 12 жылдан кейін 96 мың адамға өскен, ал 30-34 жас аралығында айырмашылық үлкен, 1999-2009 аралығында 84 мың адамды құраса, 2009-2021 жыл аралығында 369 мың адамға айырмашылық көрсеткен, әсіресе айырмашылығы жоғары топқа 25-34 аралығы кіреді. Ал 2021 жылда көп өңірдің ауылдарында 15-29 жастағылардың санының кемуі байқалады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан басталған ауыл-қала ішкі миграциясы әлі жалғасуда. Сондықтан ауылдық елді-мекендердегі тұрмыстық жағдайдың экономикалық мәселесі ғана емес, әлеуметтік жағдайының тұрақтылығы да маңызы бар фактор екендігі сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Зерттеу нәтижесінде демографияның тарихи даму жолында «халықтың өсуіне оның тұрмыс жағдайы әсер етеді» деген тезисімен Қазақстан мысалында толық келіспеуге дәлел бар. Біздің қорытындымыз бойынша, алдымен, әл-ауқаты күнделікті қажеттілік көрсеткішінен жоғары болғанда ғана оң әсерлі болады, одан кейін ғана бай-қуатты, ауқатты дәрежеге жеткенде адамдарда сапалы өмір сүрудің басқа құндылықтарының ықпалы күшейеді. Осыдан жалпы халықтың ұдайы өсіп өнуіне мемлекеттің

саяси-қоғамдық дамуының әр кезеңінде, әртүрлі экономикалық, әлеуметтік және саяси факторларының жиынтығы әсер етеді.

Қазақстанның өңірлерінде демографиялық көрсеткіштерде 2-3 есеге дейін айырмашылық бар, негізгі төрт көрсеткіші бойынша топтастырғанда үш өзара ұқсас класқа бөлінді. Сонда 17 өңірдің 7-і ұдайы өсіп-өнуде (прогрессивтік типте), 4-і стационарлық кезеңде, ал 6 өңір өтпелі және регрессивтік даму жолында. Қазақстан жалпы демографиялық ауысу кезеңі алдында тұр деп айтуға болады. Белгілі мамандар демографиялық жағдайды халық санының өсімімен сипаттайды, ол жеткіліксіз, негізі ұдайы өсу деңгейін сақтау керек.

Аймақтардағы шағын ауылдық мекен жайларды есептемегенде статусы сақталған ауылда тұрғындар санының жеткіліксіздігінен жалпы орта білім беретін мектептің жабылуы орын алған. Осы көріністің өзі тұрғындардың ауылдан қалаға келуіне себеп болады. Ауылдық мекендердің экономикалық жағдайын көтеру, жұмыс орнымен қамтамасыз ету, жаһандану дәуіріне сәйкес кәсіптік білім алу, бизнес дамыту сияқты жағдайлар жасағанда жастар ауылда тұрақтануы мүмкін. Бұл өз кезегінде демографиялық ұдайы өсіп-өнудің кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Clark C. Population Growth and Land Use. – New York, 1968. – 406 p.
2. Кузовков Ю. В. Глобализация и спираль истории. – М.: Издательство Анима-Пресс, 2010. – 393 с.
3. Кузовков Ю. В. История коррупции в России. В 2-х томах. – М.: Издательство Анима-Пресс, 2010. – 632 с.
4. Genreations and gender survey. – 2002. – 32 p.
5. International Organization for Migration. World Migration Report. – 2020. – 498 p.
6. Clark W. A. V., Lisowski W. Wellbeing across individuals and places: How much does social capital matter? // Journal of Population Research. – 2018. – № 35. – P. 217–236. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s12546-018-9207-x/>.
7. Rutherford D. Les trois approches de Malthus pour résoudre le problème démographique // Population. – 2007. – № 62. – P. 253–280. – DOI: <https://doi.org/10.3917/popu.702.0253>.
8. Jemna D. V., David M. Post-transitional regional fertility in Romania // Demographic Research. – 2018. – № 38(57). – P. 1733–1776.
9. Экономика-демографиялық статистика [Электронды ресурс]. // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы [web-сайт]. – 2021. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/6> (Қарау уақыты: 21.07.2021).
10. Рахметова Р. Эконометрика. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2018. – 230 б.
11. Қазақстан аймақтарының демографиялық дамуы. Монография. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 215 б.
12. Наследов А. IBM SPSS Statistica 20 и AMOS: профессиональный статистический анализ данных. – СПб.: Питер, 2013. – 416 с.
13. Орлова И. В. Многомерный статистический анализ в экономических задачах: Компьютерное моделирование в SPSS. – М.: Вузовский учебник, 2019. – 310 с.
14. Дубров А. М., Мхитарян В. С., Трошин Л. И. Многомерные статистические методы. Учебник. – М.: Финансы и статистика, 2011. – 352 с.
15. Рахметова Р. У., Дуброва Т. А. Прикладные модели эконометрики. Монография. – Алматы: Экономика, 2011. – 324 с.

REFERENCES

1. Clark, C. (1968). Population Growth and Land Use. New York, 406 p.
2. Kuzovkov, Yu. V. (2010). Globalizaciya i spiral' istorii. Anima-Press, Moscow, 393 p. (In Russian).
3. Kuzovkov, Yu. V. (2010). Istoriya korrupcii v Rossii. In 2 volumes. Anima-Press, Moscow, 632 p. (In Russian).

4. Genreations and gender survey. (2002). 32 p.
5. International Organization for Migration. (2020). World Migration Report. 498 p.
6. Clark, W. A. V. and Lisowski, W. (2018). Wellbeing across individuals and places: How much does social capital matter? *Journal of Population Research*, 35, 217–236, DOI: <https://doi.org/10.1007/s12546-018-9207-x/>.
7. Rutherford, D. (2007). Les trois approches de Malthus pour résoudre le problème démographique. *Population*, 62, 253-280, DOI: <https://doi.org/10.3917/popu.702.0253> (In French).
8. Jemna, D. V. and David, M. (2018). Post-transitional regional fertility in Romania. *Demographic Research*, 38(57), 1733-1776.
9. *Ekonomika-demografiyalyk statistika*. (2021). Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Retrieved July 21, 2021, from <https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/6> (In Kazakh).
10. Rahmetova, R. (2018). *Ekonometrika*. Textbook. Nur-Sultan, 230 p. (In Russian).
11. *Kazakstan ajmaktarynyn demografiyalyk damuy*. Monography. (2020). Nur-Sultan, 215 p. (In Kazakh).
12. Nasledov, A. (2013). *IBM SPSS Statistica 20 i AMOS: professional'nyj statisticheskij analiz dannyh*. Piter, Saint Petersburg, 416 p. (In Russian).
13. Orlova, I. V. (2019). *Mnogomernyj statisticheskij analiz v ekonomicheskikh zadachah: Komp'yuternoe modelirovanie v SPSS*. Vuzovskij uchebnik, Moscow, 310 p. (In Russian).
14. Dubrov, A. M., Mhitaryan, V. S. and Troshin, L. I. (2011). *Mnogomernye statisticheskie metody*. Textbook. Finansy i statistika, Moscow, 352 p. (In Russian).
15. Rahmetova, R. U. and Dubrova, T. A. (2011). *Prikladnye modeli ekonometriki*. Monography. Ekonomika, Almaty, 324 p. (In Russian).

TRENDS FORMED DUE TO THE INFLUENCE OF SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC FACTORS IN THE REGIONS OF KAZAKHSTAN

R. Rakhmetova¹, S. Kaliyeva¹, K. Abenova^{2*}

¹Institute of Economics of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the
Republic of Kazakhstan Almaty, Republic of Kazakhstan

²Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the research – comparative study of the impact of socio-economic factors on the current demographic development of the regions of Kazakhstan over the years of independence.

Methodology. The method of correlation analysis and the method of cluster analysis of multidimensional statistical and mathematical method for grouping the regions of the country according to their demographic potential were used to study the mutual influence of socio-economic and demographic factors based on many years of official data.

The originality / value of the research. On the example of Kazakhstan, the correlation of the influence of socio-economic and demographic factors on time periods was studied and analyzed. The thesis that the growth of the world-class population depends on the growth of its living conditions has been studied for a long time on the example of Kazakhstan, and it has been found that demographic development is formed not from a single economic factor, but from a combination of many factors. The study was carried out by grouping the regions of Kazakhstan in accordance with the demographic potential, grouped by multidimensional factors that characterize the demographic situation of the country.

Findings. Socio-economic factors influence the formation of the demographic situation, and the demographic trend that has developed under certain conditions, in turn, contributes to a trend change in the socio-economic

situation of the country. In conclusion, it is proved that socio-economic and demographic trends are closely related to each other.

Keywords: Demographic potential, socio-economic, factor, cluster, correlation.

Acknowledgments: The article was prepared within the framework of the research project BR10965247 «Study of factors, characteristics and dynamics of demographic processes, migration, urbanization in Kazakhstan, development of digital maps and forecasts» funded by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

ТЕНДЕНЦИИ, СФОРМИРОВАННЫЕ ОТ ВЗАИМОВЛИЯНИЯ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ И ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ В РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА

Р. Рахметова¹, С. Калиева¹, К. Абенова^{2*}

¹Институт экономики Комитета науки Министерства образования
Республики Казахстан, Алматы, Республика Казахстан,

²Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – сравнительное исследование влияния социально-экономических факторов на сложившуюся демографическую ситуацию развития регионов Казахстана за годы независимости.

Методология исследования. Для исследования влияния социально-экономических и демографических факторов на основе многолетних официальных данных был использован метод корреляционного анализа и кластерный анализ многомерного статистико-математического метода для группировки регионов страны по демографическому потенциалу.

Оригинальность / ценность исследования. На примере Казахстана исследована и проанализирована корреляционная связь взаимного влияния социально-экономических и демографических факторов в разных периодах времени. На примере Казахстана был изучен мировой тезис о том, что рост численности населения на мировом уровне зависит от повышения его жизненных условий, и установлено, что демографическое развитие складывается из совокупности не только одного экономического фактора, но и от множества факторов. Исследованы путем кластеризации регионов Казахстана в соответствии с демографическим потенциалом с группировкой на основе многомерных факторов, характеризующих демографическую ситуацию страны.

Результаты исследования. Социально-экономические факторы влияют на формирование демографической ситуации, а сложившаяся в той или иной ситуации демографическая тенденция, в свою очередь, способствует изменению социально-экономического положения страны. В заключение было обосновано, что социально-экономико-демографические процессы находятся в двойственной тесной зависимости.

Ключевые слова: демографический потенциал, социально-экономический, фактор, кластер, корреляция.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках исследовательского проекта BR10965247 «Исследование факторов, особенностей и динамики демографических процессов, миграции, урбанизации в Казахстане, разработка цифровых карт и прогнозов» финансируемого Министерством образования и науки Республики Казахстан.

ОБ АВТОРАХ

Рахметова Рахила Умирзаковна – доктор экономических наук, профессор Института экономики Комитета науки Министерства образования Республики Казахстан, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: rakhmetova@rambler.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-4079-244X>

Калиева Сауле Ауганбаевна – доктор экономических наук, профессор Института экономики Комитета науки Министерства образования Республики Казахстан, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: kalievas_@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0003-0533-2728>

Абеннова Кулзада Абдрахмановна – PhD, доцент Университета Нархоз, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: kulzada.abenova@narhoz.kz ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-7002-8688>*

МРНТИ 06.77.64

JEL Classification: E24

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-3-17-32>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕҢБЕК КҮШІ АРТЫҚ ӨНІРЛЕРДЕГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

С. С. Ыдырыс¹, С. А. Илашева², Б. Д. Бекназаров^{2*}

¹Қ.А. Яссауы атындағы Халықаралық Қазақ Түрік Университеті,
Түркістан, Қазақстан Республикасы

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті,
Шымкент, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Қазақстан Республикасында жұмыспен қамту парадигмасын дамыту, халықты неғұрлым тиімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің тиімді тәсілдерін әзірлеу.

Зерттеу әдіснамасы. Зерттеуде танымның диалектикалық әдісі, ғылыми жалпылау және жіктеу әдістері, жүйелік және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Жалпы ғылыми әдістермен қатар баланстық және индекстік әдістер, болжау және жоспарлау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу бірегейлігі / құндылығы. Жұмыс күші артық аймақтарда еңбек нарығының қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін факторлар анықталып, талданған.

Зерттеу нәтижелері: Жұмыс күші артық өңірдің еңбек нарығының жұмыс істеуін жетілдіру жолдарын айқындау барысында әлеуметтік, басқарушылық және өңірлік еңбек нарығының өзін-өзі дамыту қағидаттары негізінде Түркістан облысы үлгісінде еңбек күші артықтау еңбек нарығы анықталып, оның тұжырымдамасы әзірленді.

Түйін сөздер: еңбек нарығы, жұмыс күші, еңбек ресурстары, жұмыспен қамту, жұмыссыздық, аймақ.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында инновациялық экономиканы қалыптастыру мен дамытудың қазіргі заманғы кезеңі және қазіргі әлеуметтік-еңбек қатынастарының бүкіл жүйесіне тиесілі жұмыспен қамту парадигмасының жаһандық жаңа моделінің өзгеруі еңбек нарықтарының өңірлік нұсқаулығын қалыптастырудың тәсілдерін жаңартуда олардың икемділігін және ұлттық еңбек нарығына интеграциялануын объективті түрде талап етуде. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Қазақстан Республикасының халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»